

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1305 қаулысына және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 5-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 маусымдағы N 631 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

1) "Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 желтоқсандағы N 1305 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 4 8 , 4 3 7 - қ ұ ж а т) :

1 - т а р м а қ т а :

Әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссиядағы Қазақстан Республикасы Үкіметі өкілдерінің құрамына:

Әйтімова	- Қазақстан Республикасы Премьер-
Бірғаным Сарықызы	Министрінің орынбасары, төрайым
Лукин	- Қазақстан Республикасының Индустрия
Андрей Иванович	және сауда вице-министрі

е н г і з і л с і н ;

"Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім бірінші вице-министрі" деген жолдағы "Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім" деген сөздер "Ақпарат" деген сөзбен ауыстырылсын;

Марченко Григорий Александрович, Андриющенко Александр Иванович көрсетілген қ ұ р а м н а н ш ы ғ а р ы л с ы н ;

2) "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканы бағалауды жүргізу және оны азайту бойынша шаралар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 13 қаңтардағы N 5-ө өкіміне:

1 - т а р м а қ т а :

Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканы бағалауды жүргізу және оны азайту бойынша шаралар әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамында:

"Келімбетов Қайрат Нематұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекшінің орынбасары" деген жолдағы "жетекшінің орынбасары" деген сөздер "жетекші" деген сөзбен ауыстырылсын;

Ыбырайымов Рүстем Әнуарұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі төрағасының бірінші орынбасары" деген жолдағы "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)" деген сөздермен ауыстырылсын;

Марченко Григорий Александрович, Наймушина Ольга Вадимовна көрсетілген құрамынан шығарылсын;

2-тармақтағы "1 наурызға" деген сөздер "1 шілдеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі